

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 және 2001 жылғы 25 мамырдағы N 718 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1466 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 29-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 53-жолмен толықтырылсын:

"51. "Азаматтық авиация академиясы" АҚ (Алматы қаласы) 80 %";

2) "Азаматтық авиация академиясы" мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 718 қаулысында:

2-тармақтағы 4) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы